

Бітіру жұмысы

4 курста оқушылар «Композиция» пәні бойынша дербес шығармашылық қорытынды жобаны орындайды. Бітірушілер оны орындай отыра, өз білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын көрсете алады.

Дипломдық жобалаудың мақсаты – мектепті бітірушілердің шығармашылық әуелетінің жоғары деңгейде дамығандығын көрсету: қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау, көркемдік образды қалыптастыруға мүмкіндік беретін образдық абстрактілік ойлау.

Оқушыларға олардың жеке қабілеттерін, бейнелеу өнерінің әртүрлі түрлері мен жанрларындағы дайындық деңгейін ескере отырып, дипломдық жұмысты орындаудың тақырыбын, материалдарын, техникасын еркін таңдау мүмкіндігі беріледі. Дипломдық жобаның жетекшісі әрбір жасөспірім авторға оның дипломдық жобасының жұмыс барысын ойластыруға көмек көрсетеді, басқарады, бақылайды. Бітіру жұмысын орындай отырып, оқушылар көркемдік шығарманы қалыптастыруда өзінің даралығын толық көрсете алады.

Дербес шығармашылық жоба жұмысы мынадай жүйелікте жүргізіледі:

Бірінші тоқсанда эскиздерді, кескіндемелерді, суреттемелерді, этюдтерді орындау арқылы жобаның шығармашылық идеяларын алдын ала әзірлеу жүзеге асырылады. Орындау техникасы мен орындау стилі, тақырыбы ойластырылады. ***Сызықтық, түстік және түрлі-түстілік әзірлемелерді орындау емтихан комиссиясымен бекітіледі.***

Екінші тоқсанда шығармашылық жобаны орындауға арналған суреттің негізі дайындалады; негізгі эскиздер заттай көлемде орындалады (қатырма); қатырмадан кенепке немесе басқа негіз бетіне қайта түсіріледі және материалда орындау жұмысы басталады.

Жұмыстың негізін дайындау дұрыстығын тексеру шеңберінде (холст, гобелен, батик...) емтихан мүшелерімен, тоқсан басында жоспарланған аралық кеңес өтеді. ***Емтихан комиссиясының мүшелері бітіру жобадағы орындалатын материал мен орындау техникасын, бітіру жұмыстың алғашқы нұсқасын бекітеді (боямалағыш).***

18 қараша күні комиссия отырысы өткізілді, онда 4 курс оқушыларының жұмыстары қарастырылды, орындалатын жобалар бойынша ұсыныстар, тілектер айтылды.

